



МАЗМҰНЫ

- 1-бап. Жалпы ережелер
- 2-бап. Сақтандыру объектісі
- 3-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі
- 4-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу
- 5-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі. Франшиза
- 6-бап. Сақтандыру сыйлықақысы
- 7-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
- 8-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
- 9-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 10-бап. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары
- 11-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері
- 12-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі
- 13-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары
- 14-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 15-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
- 16-бап. Қосымша шарттар
- 17-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1. Covid 19-ға қарсы вакцинация тәуекелдерінен жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандырудың осы Қағидаларының талаптарына сәйкес (бұдан әрі – Қағидалар/Сақтандыру қағидалары) «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын, Сақтанушыға Сақтандыру шартын беру арқылы Covid 19-ға қарсы вакцинация тәуекелдерінен жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарттарын жасасады (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт/Сақтандыру шарты).

1.2. Сақтандыру шарттары жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) жасалады. Көрсетілген тұлғалар бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталады.

1.3. Осы Сақтандыру қағидаларында қолданылатын негізгі терминдер:

1) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғалардың (Сақтандырылғандардың) пайдасына Сақтандыру шартын жасаса алады. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартын өз пайдасына жасаса, онда ол Сақтандырылған тұлға болып табылады;

2) Сақтандырылған тұлға – азаматтығына қарамастан, оның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған жеке тұлға. Сақтандыру шарты жасалған сәттегі Сақтандырылған тұлғаның жасы 18 жастан кем емес және 65 жастан аспауы тиіс. Сақтандыру шартын Сақтандырылған тұлғаның пайдасына жасасу Сақтанушыны осы сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды;

3) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға. Егер Пайда алушы Сақтандыру шартында көрсетілмесе, ол Сақтандырылған тұлға болып есептеледі. Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда, Пайда алушы заңды мұрагер (мұрагерлер) болып табылады. Егер мұрагерлер бірнешеу болса, төлем Сақтандырылған тұлғаның мұрагерлері арасында тең үлеспен пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

4) Құзыретті мемлекеттік органдар – өз құзыреті шегінде басталған сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге байланысты қажетті әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілетті органдар (мысалы: полиция, тергеу органдары, анықтау органдары, өрт инспекциясы, төтенше жағдайлар органдары және басқалар);



- 5) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 6) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді;
- 7) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы туындаған кезде келтірілген зиянды өтеу үшін Сақтандырушы сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 8) **Сақтандыру жағдайы** – орын алу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері бар және оның басталуымен Сақтандырушыда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға;
- 9) **Франшиза** – сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату. Осы Қағидаларға сәйкес сөзсіз франшиза көзделеді. Сөзсіз франшиза кезінде залал барлық жағдайда белгіленген сома шегеріліп өтеледі. Франшиза не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді;
- 10) **Сақтандыру аумағы** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы таралатын аумақ;
- 11) **Жазатайым оқиға** – адамның еркінен тыс басталған, Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде туындаған, денсаулығына зиян келтіруге, мертіуге не өлімге әкеп соққан кенеттен болған қысқа мерзімді оқиға (оқыс оқиға);
- 12) **Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы** – Сақтандырылған тұлға ағзасының тіршілік әрекетінің тоқтауы;
- 13) **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

2. Сақтандыру объектісі

2.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырылған тұлғаның өміріне және/немесе денсаулығына жазатайым оқиғаның, соның ішінде Covid 19-ға қарсы вакцинация салдарынан туындаған зиян келтіру тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

3.1. Жазатайым оқиғаның және/немесе Covid 19-ға қарсы вакцинация салдарынан туындаған мынадай оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы (сақтандыру төлемінің мөлшері – сақтандыру сомасының 100%-ы);
- 2) 1-топтағы мүгедектік (сақтандыру төлемінің мөлшері – сақтандыру сомасының 80%-ы);
- 3) 2-топтағы мүгедектік (сақтандыру төлемінің мөлшері – сақтандыру сомасының 60%-ы);
- 4) 3-топтағы мүгедектік (сақтандыру төлемінің мөлшері – сақтандыру сомасының 40%-ы).

Осы тармақта көзделген оқиғалар, егер олар Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру аумағында болған жазатайым оқиғаның салдары болса және белгіленген тәртіппен құзыретті органдар берген құжаттармен (медициналық мекемелермен, сотпен және т.б.) расталса, сақтандыру жағдайлары болып танылады.

3.2. Жазатайым оқиғаға мынадай сыртқы факторлардың әсері жатады: табиғаттың дүлей құбылысы, жарылыс, күйік, үсік шалу, суға кету, электр тогының әсері, найзағай түсу, күн өту, қаскүнемдердің немесе жануарлардың шабуылы, жыланның, жәндіктердің шағуы, қандай да бір заттың немесе Сақтандырылған тұлғаның өзінің құлауы, тыныс алу жолдарына бөгде заттың кездейсоқ түсуі, улы өсімдіктерден, химиялық заттардан (өндірістік немесе тұрмыстық) кездейсоқ улану, қандай да бір көліктің (автомобиль, теміржол, су және әуе көлігі) қозғалысы кезінде немесе олардың апатқа ұшырауы кезінде, машиналарды, механизмдерді, қаруды және кез келген құралдарды пайдалану

кезінде алынған жарақаттар, сондай-ақ Covid 19-ға қарсы вакцинация нәтижесінде денсаулыққа зиян келтіруге, мертігуге не өлімге әкеп соққан жағдайлар.

3.3. Вакцинация (иммундау) деп Сақтандырылған тұлғаның ағзасына Covid 19-ға қарсы вакцинаны енгізу жолымен ағзаға сыртқы химиялық әсер етуді түсіну керек. Вакцинация медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар медициналық мекемеде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген вакциналармен жүргізілуі тиіс.

4. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

4.1. Төменде көрсетілген бір немесе бірнеше факті болған кезде орын алған оқиға сақтандыру жағдайы болып танылмайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің жаулық әрекеттері; соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери немесе соларға ұқсас операциялар немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүлік; ереуіл; локаут; азаматтық және/немесе жаппай тәртіпсіздіктер, олардың халықтық көтеріліс ауқымына жетуі немесе соған ұласуы; бүліншілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери жолмен басып алу немесе заңсыз иелену; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе ұлттандыру; террористік әрекеттер, өзге де ұрыс, әскери іс-қимылдар;
- 3) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан шыққан радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;
- 4) Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) алкогольдік, уытты немесе есірткілік масаң күйде, не дәрілік немесе психотроптық заттардың әсерінде бола отырып жасаған әрекеттері;
- 5) өндірістік процесті бұған уәкілетті емес адамдардың немесе нұсқамадан, қайта даярлаудан өту мерзімі өтіп кеткен адамдардың басқаруы;
- 6) спорттық жарыстарға (жаттығуларға), Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілікпен байланысты өзге де іс-шараларға қатысуы (егер бұл Сақтандыру шартында арнайы ескерілмесе);
- 7) Сақтандырылған тұлғаның жүктілігі (босануға дейінгі 3 (Үш) ай ішінде немесе босану кезінде);
- 8) анафилаксиялық шок;
- 9) себебіне қарамастан кез келген ауру;
- 10) тағамдық токсикоинфекция (сальмонеллез, дизентерия және басқалар);
- 11) Сақтандырылған тұлғаның өліміне тікелей немесе жанама түрде психикалық ауру себеп болған жағдайда, егер өлімге әкелген жазатайым оқиға психикалық науқас әрі жазатайым оқиға кезінде есі дұрыс емес жағдайда болған Сақтандырылған тұлғамен орын алса;
- 12) Сақтандыру шарты қолданылған кезең ішінде Сақтандырылған тұлғаның өзін-өзі өлтіруі немесе өзін-өзі өлтіруге әрекет жасауы;
- 13) әскери және құқық қорғау органдарында қызмет етуі немесе тиісті оқудан өтуі;
- 14) Сақтандырылған тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықтың немесе әкімшілік теріс қылықтың белгілері бар әрекеттерді жасауы немесе жасауға әрекеттенуі;
- 15) бас бостандығынан айыру орындарында Сақтандырылған тұлғамен болған жазатайым оқиға;
- 16) асбесттің жұмыскер ағзасына әсері;
- 17) диабет, ақыл-есі бұзылу салдарынан болатын алкогольдік психоз немесе эпилепсия;
- 18) жер сілкінісі, су тасқыны, сел, боран;
- 19) осы жыл мезгілі мен осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсері;
- 20) спорттық іс-шараларға қатысуы немесе спортпен шұғылдануы.

4.2. Егер Шарт жасалғаннан кейін оның мынадай адамдарға қатысты жасалғаны анықталса:

- 1) психикалық аурумен немесе ақыл-есі кемдікпен ауыратын;
- 2) онкологиялық, созылмалы жүрек-қан тамырлары немесе ауыр жүйке аурулары бар;
- 3) I немесе II топтағы мүгедектігі бар;
- 4) ЖИТС-пен ауыратын,

онда Сақтандырушы осы Шартты Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жолдау арқылы бұзуға, сондай-ақ Шарттың бұзылуынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге, ал сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.



4.3. Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) Сақтанушының жанама коммерциялық шығындары, шығындар (айыппұлдар, өсімпұлдар және т.б.), алынбай қалған пайда түріндегі залалдар;
- 2) моральдық зиян.

4.4. Осы Шартқа сәйкес Сақтандырылған тұлға сот тәртібімен өлді деп танылған жағдай өтелмейді. Осы Шартқа сәйкес сот-медициналық сарапшылар растаған биологиялық өлім жағдайлары ғана өтеледі.

4.5. Мыналар сақтандырумен жабылмайды және сақтандыру жағдайлары болып танылмайды:

- 1) вакцинацияны (иммундауды) жүргізу кезінде, оның ішінде сақтау, тасымалдау, тағайындау, лиофилизацияланған препараттарды еріту, вакцинаны енгізу кезінде медицина қызметкерлерінің қателігі нәтижесінде туындаған вакцинадан кейінгі асқынулар;
- 2) Сақтандырылған тұлғаның жедел аурулары және созылмалы ауруларының асқынуы аясында жүргізілген вакцинация;
- 3) қызбалық жағдайлар аясында жүргізілген вакцинация;
- 4) иммуносупрессивтік терапия алу аясында жүргізілген вакцинация;
- 5) адамның плазмасы немесе қаны иммуноглобулиндерін енгізу аясында жүргізілген вакцинация;
- 6) ЖИТС, АИТВ-инфекциясы аясында жүргізілген вакцинация;
- 7) Сақтандырылған тұлғада кез келген созылмалы аурулар болған кезде өлімнің басталуы және/немесе I, II, III топ мүгедектігінің белгіленуі.

4.6. Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚЖҚТ Тізбесі);
- 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның құжаттарды, сондай-ақ тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұратуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.

5. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі. Франшиза

5.1. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:

- 1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі, бұл жағдайда франшизаны ескере отырып, Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;
- 2) әрбір Сақтандырылған тұлға бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
- 3) бір сақтандыру жағдайының нәтижесінде болған сақтандыру жағдайлары сериясы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
- 4) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша, бір немесе барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі.

5.2. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушымен келісім бойынша қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, сақтандыру полисін қайта ресімдеу жолымен сақтандыру сомасын ұлғайтуға құқылы.

5.3. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушымен келісім бойынша осы Қағидалардың талаптарымен қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, сақтандыру полисін қайта ресімдеу жолымен Сақтандырылған тұлғалар санын ұлғайтуға құқылы.

5.4. Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде франшиза белгіленуі мүмкін. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

5.5. Франшиза сақтандыру сомасынан пайыз түрінде де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшизаның мөлшері әрбір нақты жағдай үшін жеке келісіледі.

6. Сақтандыру сыйлықақысы

6.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

6.2. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарабынан Шартқа сәйкес біржолғы тәртіппен немесе кезеңдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеумен, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.

6.3. Сақтанушы Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жолдау арқылы сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні өткен соң бұзылған болып есептеледі.

7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

7.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың нысаны Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.

7.2. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша мынадай жолдармен жасалуы мүмкін:

1) Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау арқылы,

2) Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы,

Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде.

7.3. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.

7.4. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғалардан) сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша ақпаратты талап етуі мүмкін.

7.5. Сақтанушы өтініш-сауалнамада көрінеу жалған мәліметтер көрсеткен жағдайда, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру шартын жарамсыз деп тануға не жай жазбаша хабарлама жолдау арқылы оны біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, бұл ретте Шарт хабарлама берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні өткен соң бұзылған болып есептеледі.

7.6. Егер Сақтанушы айтпай кеткен мән-жайлар кейіннен жойылса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

7.7. Өтініш-сауалнамада көрсетілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі.

7.8. Өз қалауынша Сақтандырушы Сақтанушыдан талап етуге құқылы, ал Сақтанушы Сақтандырылған тұлғалардың медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыруға міндеттенеді.

7.9. Топтық сақтандыру кезінде бір Сақтандыру шартымен бірнеше Сақтандырылған тұлға қамтылады. Топтық сақтандыру дербестендірілген де, белгілі бір тұлғалар санатын қамтитын дербестендірілмеген де болуы мүмкін. Дербестендірілмеген сақтандыру кезінде Сақтандырылған тұлғалар шеңбері әрбір Сақтандырылған тұлғаға қатысты сақтандыру жағдайын, оның салдарын және оған тиесілі сақтандыру төлемінің мөлшерін даралау үшін қажет шамада Сақтандыру шартында нақтылануы тиіс. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте дербестендірілмеген сақтандыру кезінде сақтандырылуға жататын санатқа кіретін тұлғалар саны Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тұлғалар санынан көп болып шықса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру шарты жасалған сәтте Сақтанушымен шарттық қатынаста болған тұлғаларға ғана жүзеге асырады.



7.10. Жазбаша сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7.11. Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартының талаптары өзгерген кезде Сақтандырушы Сақтанушы есебінен Сақтандырылған тұлғаның медициналық тексеруден өтуін талап етуі мүмкін.

7.12. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:

- 1) сақтандырылған тұлға туралы;
- 2) сақтандырылған тұлғаның өмірінде басталуы жағдайына сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (сақтандыру жағдайы);
- 3) сақтандыру жағдайынан алып тастаулар туралы;
- 4) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 5) шарттың қолданылу мерзімі туралы.

7.13. Сақтандыру шартында мыналар қамтылады:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті), заңды мекенжайы және (немесе) тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Сақтанушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті), орналасқан жері және нақты мекенжайы, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);
- 4) сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), телефон нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе сақтандыру агентінің атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы, телефон нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
- 5) сақтандыру объектісі;
- 6) сақтандыру жағдайлары;
- 7) сақтандыру сомасының мөлшері, валюта түрі, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 8) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (егер төлем бөліп төлеумен жүргізілсе, сақтандыру жарнасының мөлшері), валюта түрі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- 9) сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар немесе жоқ екендігі туралы көрсетілім;
- 10) сақтандыру полисінің жасалған күні және қолданылу мерзімі;
- 11) Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы туралы көрсетілім, егер ол сақтандыру полисі бойынша Сақтанушы болмаса және сақтандыру полисінде көрсетілген жағдайда;
- 12) сақтандыру полисінің нөмірі;
- 13) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны) хабардар ету мерзімдері;
- 14) экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);
- 15) сақтандыру полисінің қолданылу аумағы;
- 16) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
- 17) Сақтандырушының қолы.

7.14. Сақтандырылған тұлғаға сақтандыру полисін басқа тұлғаларға олардың Сақтандыру шарты бойынша қызметтер алу мақсатында беруге тыйым салынады.

7.15. Егер Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру полисін басқа тұлғаға осындай мақсатпен бергені анықталса, Сақтандырушы осы Сақтандырылған тұлғаға қатысты Сақтандыру шартының қолданылуын сақтандыру сыйлықақысын қайтармай мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны



- 8.1.** Сақтандыру шарты 12 ай мерзімге жасалады. Тәулігіне 24 сағат кезеңіне.
- 8.2.** Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты Тараптар Шартқа қол қойған күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.
- 8.3.** Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады. «Бүкіл әлем» сақтандыру аумағы тек Covid-ке қарсы вакцинация тәуекелін сақтандыру кезінде қолданылады. Қағидалардың 8.3-тармағына және Сақтандыру шартының талаптарына қарамастан, егер сақтандыру оқиғасы мынадай аумақта орын алса, ол сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
- 8.4.** Сақтандыру шарты сақтандыру төлемі жүргізілген бірінші сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап өз әрекетін тоқтатады.

9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9.1. Сақтанушының құқығы бар:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) Сақтандырушыны хабардар ете отырып, Сақтандырылған тұлғалар тізіміне өзгерістер енгізуге;
- 3) егер ол Шарт бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

9.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Шарт жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 3) Сақтандырылған тұлғаларға Шарттың және осы Қағидалардың талаптарын жеткізуге;
- 4) Шарттың талаптарын орындауға (Сақтандырылған тұлғалардың Шартты бұзуы Сақтанушының өзі Шартты бұзғаны ретінде қаралады);
- 5) Шарт қолданылған кезеңде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыруы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны Шартта белгіленген мерзімдерде хабардар етуге;
- 7) сақтандыру жағдайынан болатын залалдардың алдын алу немесе оларды азайту жөнінде шаралар қабылдауға;
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін өзіндегі барлық ақпаратты беруге;
- 9) Сақтандырушының талабы болған жағдайда Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының нақты жай-күйін бағалау үшін тексеруден өтуін қамтамасыз етуге;
- 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты құқықтың өтуін қамтамасыз етуге;
- 11) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді әрі қарай сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ жалпы Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және



картотекаларда таратуға, соның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.

13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімді, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға, соның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті.

14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға келісімінің болмауы, сондай-ақ осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.

9.3. Сақтандырушының құқығы бар:

- 1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Шарттың талаптары мен шарттарын сақтауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, соның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 3) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайы фактісін және оның туындау мән-жайларын белгілеу үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 4) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Шарт талаптарын орындамаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны / Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 5) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын кез келген уақытта инспекциялауға және тексеруге;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының нақты жай-күйін бағалау үшін тексеру жүргізуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

9.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жасаған шығындарын өтеуге;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны құжаттарды алған күннен бастап 15 күн ішінде хабардар етуге;
- 6) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты, сондай-ақ ЖҚЖҚТ Тізбесіне енгізілген ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның құжаттарды, сондай-ақ тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұратуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.

9.5. Осы бөлімдегі тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Қағидалардың басқа бөлімдерінде де көзделген.

10. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары



10.1. Шарт қолданылған кезеңде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

10.2. Мынадай өзгерістер елеулі өзгерістер болып табылуы мүмкін:

- 1) ЖО сақтандыруы бойынша Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру аумағынан тыс жерге шығуы;
- 2) Сақтандырылған тұлғаның қандай да бір аурудың анықталуы.

10.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Шарт талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

10.4. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға Шарт талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушы 15-баптың 15.5-тармағында белгіленген мөлшерде, Сақтандырушының істі жүргізуге жұмсаған шығыстарын және сақтандыру қызметінен алынатын табыс салығын төлеуді ескере отырып, сақтандыру қорғауының қалған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы.

10.5. Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға осы баптың 10.1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Шартты бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

10.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кеткен болса, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

11. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері

11.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ соның салдарынан келтірілген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) жүктеледі.

11.2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкелуі мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) міндетті:

- 1) туындаған жағдайда талап қоюға негіз болуы мүмкін оқиғамен байланысты залалдарды азайту үшін қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;
- 2) қажетті қызметтерді алу үшін тиісті медициналық мекемеге жүгінуге;
- 3) оқиғаның құзыретті органдарда құжат жүзінде ресімделуін қамтамасыз етуге;
- 4) өзі білген сәттен бастап, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, 3 (үш) күн ішінде оқиға туралы Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, онымен әрі қарайғы әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушыны 30 (отыз) күн ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

11.3. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы болып табылса, онда сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыны хабардар ету міндеті Сақтанушыға жүктеледі, ал егер ол бір мезгілде Сақтандырылған тұлға да болса, онда бұл міндет Пайда алушыға жүктеледі.

11.4. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны белгіленген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

11.5. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) сақтандыру жағдайы бойынша барлық кейінгі ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмекті көрсетуге міндетті.

11.6. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) Сақтандырушының сұратуы бойынша сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпияны немесе дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынуға міндетті.



12. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

12.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының) сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініші және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде Сақтандырылған тұлғаға (Пайда алушыға) жүзеге асырады.

12.2. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаның жалпы еңбекке қабілеттілігін тұрақты жоғалтуы мүгедектіктің белгіленуіне әкеп соққан жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар;
- 3) емделуші картасынан шығарылған эпикриз, ауру тарихынан үзінді көшірме, жарақат пунктінен медициналық анықтама немесе Сақтандырылған тұлғаға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе мүгедектік алуға негіз болған диагнозды көрсете отырып, жарақаттың нақты сипаттамасы мен сипатын қамтитын, емдеу мекемесінің мөрімен расталған өзге де медициналық құжаттар;
- 4) мүгедектік тобының берілуі туралы медициналық-элеуметтік сараптаманың қорытындысы;
- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттары (өртке қарсы қызметтер, полиция және басқалар);
- 7) КВИ-ге қарсы вакцинация туралы анықтама (сақтандыру жағдайы Covid-ке қарсы вакцинация нәтижесінде басталған кезде);
- 6) сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты құжаттар (түпнұсқалар немесе куәландырылған көшірмелер) (жазатайым оқиға туралы акт).

12.3. Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда Сақтанушы (Пайда алушы) мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) Сақтандырылған тұлғаның мұрасына құқықты растайтын құжаттар (қажет болған жағдайда);
- 3) Сақтанушының, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар;
- 4) емделуші картасынан шығарылған эпикриз, ауру тарихынан үзінді көшірме, жарақат пунктінен медициналық анықтама немесе Сақтандырылған тұлғаға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе Сақтандырылған тұлғаның өлімінің себебі болған диагнозды көрсете отырып, жарақаттың нақты сипаттамасы мен сипатын қамтитын, емдеу мекемесінің мөрімен расталған өзге де медициналық құжаттар;
- 5) өлім себептері туралы сот сараптамасының қорытындысы;
- 6) ашып тексеру хаттамасы, патологоанатом маманының қорытындысы;
- 7) КВИ-ге қарсы вакцинация туралы анықтама (сақтандыру жағдайы Covid-ке қарсы вакцинация нәтижесінде басталған кезде);
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттары (өртке қарсы қызметтер, полиция және басқалар);
- 7) сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты құжаттар (түпнұсқалар немесе куәландырылған көшірмелер) (жазатайым оқиға туралы акт).

12.4. Сақтандырушының талабы бойынша Сақтанушы белгіленген нысандағы Өтінішті ұсынуға міндетті, оған сәйкес ол Сақтандырылған тұлғаны бақылаған және тексерген дәрігерлерді дәрігерлік құпияны сақтау міндетінен босатады.

12.5. Егер сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушыға қосымша ақпарат қажет болса, ол Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан, Пайда алушыдан) қосымша құжаттарды немесе Сақтандырылған тұлғаның медициналық сараптамадан өтуін талап етуге құқылы.

12.6. Сақтандыру жағдайы туралы акт ұсынылған құжаттардың негізінде Сақтандырушымен немесе ол уәкілеттік берген тұлғамен жасалады. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары



13.1. Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан немесе Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының) өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залал келтірілген оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;

2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

13.2. «Жалпы еңбекке қабілеттілікті тұрақты жоғалту» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу III топ мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру сомасының 40%-ы, II топ мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру сомасының 60%-ы, I топ мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру сомасының 80%-ы мөлшерінен жүргізіледі; «өлім» сақтандыру жағдайы бойынша – сақтандыру сомасының 100%-ы мөлшерінен.

13.3. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде болған бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайларының салдары үшін Сақтандырылған тұлғаға төленетін сақтандыру төлемінің жалпы сомасы әрбір Сақтандырылған тұлғаға белгіленген жалпы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.

13.4. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) залалдардың алдын алу немесе азайту мақсатында көтерген шығыстары, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болғанның өзінде, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.

13.5. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) залалдардың алдын алу немесе азайту мақсатында көтерген шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы осы Шартта көзделген әрбір Сақтандырылған тұлғаға арналған сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

13.6. Егер залалдар Сақтанушының ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді ақылға қонымды шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаса, Сақтандырушы сол залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

14. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

14.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін он күн мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі туралы не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға) хабарлайды.

14.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағаннан кейін не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде он күн ішінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

14.3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

14.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) сот тәртібімен шағым жасай алады.

14.5. Егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан туындаса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері;



2) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланыста тұрған қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының әрекеттері.

14.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай жағдайлар негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруіне және одан келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуіне кедергі келтіруі;

4) оқиғаның сақтандыру жағдайы деп танылмауы;

5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, бұған Сақтанушының еркінен тыс себептермен немесе дәлелді себептермен байланысты жағдайлар және бұл фактіні растайтын құжаттар Сақтанушымен ұсынылған жағдайлар кірмейді.

14.7. Осы баптың 14.5. және 14.6-тармақтарында көзделген негіздер бойынша Сақтандырушыны Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.

15. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары

15.1. Сақтандыру төлемі сақтандыру сомасынан аз мөлшерде жүзеге асырылған кезде, осы Шарт осы Шартта көрсетілген мерзімнің соңына дейін тиісті сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемі сомасының арасындағы айырма мөлшерінде күшінде қалады. Сақтандыру төлемі толық сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырылған кезде осы Шарттың қолданылуы сақтандыру төлемі жасалған күннен бастап тоқтатылады. Сақтандыру төлемі жасалған күн деп Сақтандырушының шотынан ақша есептен шығарылған күн есептеледі.

15.2. Осы Шарттың қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) оның қолданылу мерзімі аяқталған кезде;

2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлға қайтыс болғанда және оны ауыстыру болмаған кезде;

3) Сақтандырушының осы Шарт бойынша Сақтанушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;

4) Сақтанушы осы Шартта белгіленген мерзімдерде кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген кезде Сақтандырушының қалауы бойынша;

5) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;

6) соттың осы Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

15.3. Тараптардың осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Осы Шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін Шартты тоқтатудың болжанған күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

15.4. Егер осы Шарт мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса: заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы, егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу бойынша Сақтанушының міндеттерін өзіне алмаса; Шарт Шартты тоқтатуға негіз ретінде осы тармақта көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

15.5. Егер осы Шарт осы баптың 15.4-тармағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты Сақтанушының талабы бойынша мерзімінен бұрын бұзылса, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда,



Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқылы:

№	COVID-19-ға қарсы вакцинация тәуекелдері және жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) – жеке тұлға үшін	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) – заңды тұлға үшін
1	14 күнге дейін қоса алғанда	10	15
2	15 күннен 1 айға дейін қоса алғанда	20	20
3	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30	30
4	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	40	40
5	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50	50
6	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60	60
7	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70	70
8	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75	75
9	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80	80
10	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85	85
11	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90	90
12	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95	95
13	11 айдан астам	100	100

Қайтарылатын сомадан Сақтандырушы әкімшілік шығыстардың сомасын ұстап қалуға құқылы (оған мыналар кіреді: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджердің сыйақысы).

15.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

15.7. Осы Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын Сақтандырушының кінәсінен орындамау салдарынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

15.8. Егер жеке тұлға болып табылатын Сақтанушы Сақтандыру қағидаларының осы бабының 15.4-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты емес жағдайда Сақтандыру шартынан ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнгізбелік күн ішінде бас тартса, Сақтандырушы жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.

16. Қосымша шарттар

16.1. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етпеуге тиіс.

16.2. Сақтанушы толтырған өтініш-сауалнама осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

15.3. Сақтанушы анық емес мәліметтер ұсынудың салдары, атап айтқанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы ескертілгенін және сонымен келісетінін растайды.



15.4. Сақтанушы осы Шарттың барлық талаптарымен танысқанын, осы Шарттың әрбір бетін оқып шыққанын және онымен келісетінін растайды.

15.5. Сақтанушы өтініш-сауалнамада жауаптар болмаған жағдайда Сақтандырушы тиісті бос, толтырылмаған жолақтарды өз пайдасына түсіндіретінін растайды және соған келіседі (мысалы, егер күзет туралы белгі жоқ болса – күзет бар деп болжанады (ал егер күзет болмаса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп болжанады), егер алдыңғы жылдар мен айлардағы залалдар туралы ұяшық бос болса, залалдар болмаған деп болжанады, ал егер залалдар болған болса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп болжанады және тағы сол сияқты), сондай-ақ Сақтанушы қолайсыз ақпаратты жасыру үшін көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп болжанады.

16.6. Сақтандыру шарты екі данада жасалған, әр Тарап үшін бір данадан, олардың әрқайсысының заңды күші бірдей. Комиссиялық сыйақы – Элементті таңдаңыз.

16.7. Сақтанушының өтініші, Шартқа қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

16.8. Осы Шартпен реттелмеген барлық өзге мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға міндеттенеді.

16.9. Осы Сақтандыру шартына (сақтандыру полисіне) қол қоя отырып, мен Сақтандырушыдан сақтандыру қызметтері бойынша кез келген ақпаратты, оның ішінде жарнамалық өнімді кез келген нысанда (жазбаша, электрондық, смс-хабарламалар және басқалар) алуға өз келісімімді беремін.

16.10. Сақтанушы осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеуге сақтандыру мүддесі бар екенін растайды.

16.11. Осы сақтандыру шарты үлгілік болып табылмайды, осы сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтанушы мынаны қабылдайды және соған келіседі: егер Сақтандырушыда сақталмайтын данада тұрған сақтандыру шарты мәтіні Сақтандырушыда тұрған сақтандыру шарты данасының мәтінінен өзгеше болса, қайшылықтар туындаған кезде Сақтандырушыда тұрған сақтандыру шарты данасында жазылған сақтандыру шарты мәтіні басым күшке ие болады.

16.12. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы осы шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

16.13. Сақтанушы осы Шартты жасасуға Сақтандырылған тұлғаның(алардың) келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақтандырылған тұлғаны(ларды) олардың келісімінсіз өзгерте алады.

16.14. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша бөліп төлеу ұсынылған және Сақтанушы осы Шартта көрсетілген төлем кестесіне сәйкес кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 5 (бес) күнтізбелік күннен артық кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы бүкіл кезең үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

17. Дауларды шешу тәртібі

17.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тікелей тараптардың келіссөздері арқылы қаралады.

17.2. Тараптар реттемеген даулар Алматы қаласының соттарына қарауға беріледі, егер Шарттың тарапы заңды тұлға болса, онда дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады, ал егер Шарттың тарапы жеке тұлға болса, онда дау Сақтандырушының орналасқан жері бойынша сотта қаралады.

 Евразия СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ	ЖАҒДАЙЛАРДАН ЖӘНЕ COVID-19 ЕККУ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕН ЕРІКТІ САҚАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------

COVID 19-ға қарсы вакцинация тәуекелдері және жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидаларына №1 қосымша

**САҚАНДЫРУ ПОЛИСИ/СТРАХОВОЙ ПОЛИС №
ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН ЕРІКТІ САҚАНДЫРУ/ ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ ОТ НАСЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ**

САҚАНДЫРУ КЛАСЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДАН ЕРІКТІ САҚАНДЫРУ/ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ ОТ НЕСЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	
САҚАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Евразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURKZKA CTN 600900079784. БСН 950540000024/ АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURKZKA PNN 600900079784, БИН 950540000024
САҚАНУШЫ (атауы/аты жөні, БСН/ЖСН, Экономикалық қызмет түрі/ экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), мекен-жайы, телефоны, банктік деректемелері)/ СТРАХОВАТЕЛЬ (наименование/ФИО, БИН/ИИН, Вид экономической деятельности/код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), адрес, телефон, банковские реквизиты)	
САҚАНДЫРЫЛУШЫ (аты жөні, ЖСН, ЭСК, РБ, Төлқұжат/жеке куәлік № (кіммен және қашан берілген), мекен-жайы, телефоны)/ ЗАСТРАХОВАННЫЙ (ФИО, ИИН, КСЭ, ПР, №паспорта/ удостоверения личности (кем и когда выдан) адрес, телефон)	
ПАЙДА АЛУШЫ / ВЫГОДОПРИБРЕТАТЕЛЬ	Осы Шарттың шарттары бойынша Сақтандырылушы, ал ол қайтыс болған жағдайда заңды мұрагері (мұрагерлері) Пайда алушы болып табылады. Егер мұрагерлер бірнешеу болса, төлем Сақтандырылушының мұрагерлері арасында тең үлестермен пропорционал түрде жүргізіледі./Выгодоприобретателем по условиям настоящего договора является Застрахованный, а в случае его смерти является (являются) законный наследник (наследники). Если наследников несколько, выплата производится пропорционально в равных долях между наследниками Застрахованного.
САҚАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Сақтандыру объектісі Сақтанушының (сақтандырылушының) жазатайым оқиға салдарынан, оның ішінде Covid 19-ға қарсы вакцинация салдарынан өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіру қаупімен байланысты мүлктік мүдделері болып табылады./ Объектом страхования выступают имущественные интересы Страхователя (Застрахованного), связанные с риском причинения вреда жизни и/или здоровью Застрахованного в результате несчастного случая, в том числе наступившего в следствие Вакцинации против Covid 19.
Сақтандыру объектісінің орналасқан орны / Местонахождения объекта страхования	
САҚАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	
ҚТАНДЫРУ СОМАСЫ, ВАЛЮТА ТҮРІ / СТРАХОВАЯ СУММА, ВИД ВАЛЮТЫ	
САҚАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ, ВАЛЮТА ТҮРІ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ, ВИД ВАЛЮТЫ	
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	Қолданылмайды/Не применяется
ВАЛЮТА ТҮРІ, САҚАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	Валюта түрі – тенге/Вид валюты – тенге Бір жолғы төлеммен төленеді/Уплачивается одновременно Дата оплаты
САҚАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	
САҚАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ /СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	С «_» _____ 20_ж/г бастап по «_» _____ 20_ж/г. деін аралығында екі күнді қоса алғанда /обе даты включительно.
ХАБАРЛАНДЫРУ МЕРЗІМІ/ СРОКИ УВЕДОМЛЕНИЯ	Сақтандырушы сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы 10 күннің ішінде хабарландыру/ Страховщик обязан уведомить Страхователя в течение 10 дней с момента представления последнего документа о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты.
САҚАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады./Страховщик осуществляет страховую выплату в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента принятия решения о страховой выплате
САҚАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР/ИЗМЕНЕНИЯ ПОЛИСА	Сақтандыру шартына тараптар қалауы бойынша өзгерістер енгізулігі мүмкін. Өзгерту жағдайында сақтандыру шарт тоқтатылып жаңа редакциясында жасалады. / В страховой полис вносятся изменения по согласию сторон путем расторжения и заключения нового страхового полиса на условиях, оговоренных сторонами
ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да, жоқ/нет.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайлығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./ С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/Страховщик (или его представитель):

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
АО «Страховая компания «Евразия»

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.О./М.П.

Если подписывает агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИИН/БИН

Телефон

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.О./М.П.

Берілген күні / Дата выдачи: «_» _____ 20_ж/г



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ	ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
<p>1. Сақтанушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтандырушыдан қаражылық тұрақтылығы және төлем қабілеттігі туралы ақпарат талап етуге; 2) Сақтандырылушылар тізіміне өзгертулер енгізуге; 3) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға; 4) Сақтандыру ережелерімен танысу және көшірмесін алу. <p>2. Сақтанушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтандырушы сұраған барлық құжаттарды Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу аясында беру; 2) Сақтандыру жағдайының басталу мқтималдылығы және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау; 3) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етпеген болса. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады; 4) сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы және осы сақтандыру полисін жасау туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәнді өзіне белгілі бүкіл жәйттер туралы Сақтандырушыға хабарлауға; 5) осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге; 6) Сақтандырылушыларға сақтандыру талаптарын жеткізуге; 7) сақтандыру ережесінің талаптарын орындауға (Сақтандырылушылардың сақтандыру ережесін білуі, Сақтанушының сақтандыру талаптарын білуі деп танылады); 8) осы сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге; 9) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының туындауына апаратын қосықтардың оқиғаның басталуы туралы сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Сақтандырушына хабарландыруға; 10) сақтандыру жағдайы шығындарын болдырмау немесе азайту шараларын қолдануға; 11) сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зиянның сипаты және мөлшері жағдай бағалауға мүмкіндік беретін өлшеде бар бүкіл ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға беруге; 12) Сақтандырушы талап еткен жағдайда, денсаулығының нақты жағдайын бағалау үшін Сақтандырылушыны тексеруді қамтамасыз етуге міндетті. <p>3. Сақтандырушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) осы сақтандыру полисінің талаптарын сақтауын тексеруге; 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өңдініп анықтауға, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберуге; 3) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайын, оның туындау жағдайларын анықтауға қажет ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен талап етуге; 4) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы сақтандыру полисінің талаптарын орындамаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының/Пайда алушының) жазбаша хабарландыра отырып сақтандыру төлемін бас тартуға; 5) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ақпарат еткен жағдайлардың бар не жоғын тексеруге және бақылауға; 6) денсаулығының нақты жағдайын бағалау үшін Сақтандырылушыны тексеруден өткізуге құқылы. 7) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұрауға. <p>4. Сақтандырушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыру және оның көшірмесін беру; 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға; 3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге; 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге; 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті; 6) Мына жағдайларда сақтандыру төлемін бас тарту: <ul style="list-style-type: none"> - Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қарқаландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын тартуды қарқаландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша-фром тізбесі) болуы; - Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған; - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалды деп пайымдауға негіз болған кезде. 5. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы / Пайда алушы) тез арада, бірақ демалыс және мереке күндерін есептемегенде 3 (үш) күннен кешіктірмей оның басталуы туралы Сақтандырушыны немесе оның ерікті сақтандыру ережелерінде көрсетілген өзге де іс-әрекеттері жасауы тиіс. 6. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді. 7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды. 8. Сақтанушы Сақтандырушының факсимильді қолтаңбаны (факсимилені) және/немесе қолтаңбаны және/немесе мөрдің электрондық көшірмесін пайдалана отырып, осы Шартты жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Шартты Тараптар түпнұсқа ретінде мойындайды. 9. Осы Шарттармен реттелмеген барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ жазғайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелерін басшылыққа алатын болады. 	<p>1. Страхователь вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости; 2) вносить изменения в список Застрахованных; 3) получить страховую выплату при наступлении страхового случая в порядке, установленном Правилами страхования, если он является Выгодоприобретателем по настоящему страховому Полису; 4) ознакомиться с Правилами страхования и получить копию. <p>2. Страхователь обязан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) предоставить все документы, запрашиваемые Страховщиком, в рамках проведения последним надлежащей проверки страхователя; 2) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления; 3) незамедлительно, сообщить Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора; 4) при заключении страхового Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о заключении настоящего страхового Полиса; 5) уплатить страховую премию в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом; 6) довести до сведения Застрахованных условия страхования; 7) выполнять условия Правил страхования (нарушение Правил страхования Застрахованным расценивается как нарушение условий страхования самим Страхователем); 8) в период действия настоящего страхового Полиса информировать Страховщика о состоянии страхового риска; 9) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки и порядке, установленные Правилами страхования; 10) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая; 11) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного ущерба в порядке установленными Правилами страхования; 12) обеспечить в случае требования Страховщика обследование Застрахованного для оценки фактического состояния его здоровья. <p>3. Страховщик вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) проверять предоставленную Страхователем информацию и документы, а также соблюдение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего страхового Полиса; 2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы; 3) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию и документы, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения в порядке установленными Правилами страхования; 4) отказываться в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем, невыполнения Страхователем (Застрахованным) условий настоящего страхового Полиса, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного/Выгодоприобретателя); 5) в любое время проспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска; 6) производить обследование Застрахованного для оценки фактического состояния его здоровья; 7) запрашивать у Страхователя документы и иную информацию, необходимые для осуществления надлежащей проверки. <p>4. Страховщик обязан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования и выдать копию; 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом; 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае; 4) зарегистрировать сообщение о страховом случае; 5) обеспечить тайну страхования; 6) отказать в страховой выплате в случаях: <ul style="list-style-type: none"> - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также включенных в Перечень ФРОМУ; - не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки; - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ 5. При наступлении страхового случая Страхователь (Застрахованный / Выгодоприобретатель) незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, не считая выходных и праздничных дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах добровольного страхования от несчастных случаев. 6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе. 7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая. 8. Страхователь соглашается с возможностью заключения настоящего Договора с использованием Страховщиком факсимильной подписи (факсимиле) и/или электронного копирования подписи и/или печати и такой Договор признается Сторонами оригиналом. 9. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования от несчастных случаев АО «Страховая компания «Евразия»».